

# ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫ

Жұмыс дәптері

7  
СЫНЫП





К. Б. Бектаева, Қ. А. Каменова, Ө. Ы. Ермағамбет

# ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМУЫ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған  
арнайы мектептердің (сыныптардың)  
7-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы  
2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3 я72  
Б 40

### Шартты белгілер:



– сөздік жұмыс



– сұрақтар

- – Күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма.
- – Күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма.
- – Күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма.
- ● ● – Күрделіліктің барлық деңгейіндегі тапсырма.

**Бектаева К. Б. т.б.**

**Б 40 Оқу және тіл дамыту.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған жұмыс дәптері / К. Б. Бектаева, Қ. А. Каменова, Ә. Ы. Ермағамбет – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 48 б.

ISBN 978-601-249-667-3

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3 я72

ISBN 978-601-249-667-3

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019

### **Құрметті оқушы!**

Сен бұл жұмыс дәптерінің көмегімен «Оқу және тіл дамыту» оқулығынан алған біліміңді бекітесің. Ол үшін берілген тапсырмаларды мұғалімнің, ата-анаңның көмегімен, өздігіңнен орындайсың. Сонымен бірге энциклопедияларды, ғаламторды және газет-журналдарды пайдаланасың.

Жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар сені ойлануға, өз пікіріңді айтуға баулиды. Оқулықта үзіндісі ғана берілген шығармаларды толық оқуға ынталандырады. Кейіпкерлердің мінез-құлқын, тән қылықтарын жаза отырып, оларды бағалауға үйретеді. Жағымды қасиеттерді өз бойыңа сіңіруге тәрбиелейді. Шығармаларда кездесетін жаңа сөздерді ұғынуға, өз сөздік қорларыңда пайдалануға дағдыландырады. Сызба-кестелерге және тірек сөздерге сүйеніп сөзжасауды, сөйлем құрауды, байланыстырып мазмұндауды үйретеді.

Сондықтан сен жұмыс дәптеріндегі әрбір тапсырманы мұқият, ұқыпты және дұрыс орында. Өз біліміңді жүйелеу, толықтыру үшін ізденуге тырыс.

**Тіл дамытуға жасаған қадамың сәтті болсын!**

# ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

## Қайталау


1. Жазғы демалыс кезінде оқыған ертегідегі кейіпкерлерді жаз. Өзіңе ұнаған кейіпкердің суретін сал. Не үшін ұнағанын түсіндір.

---

---

---

---




2. Бесік жырының ауысқан сөздерін орнына қойып оқы. Ұйқас сөздерді тап.

Бөпем әй-әй, әй, бөпем.  
Ән айтайын, бөпем бал.  
Ән тыңдағың келсе егер,  
Және айтайын көкем жан.



3. «Жыр» сөзіне берілген қосымшаларды жалғап, алынған сөздердің мағынасын түсіндір.



Алынған сөздердің біріне сөйлем құра.

---

---

---

## Тұрмыс-салт жырлары

- 1. Төмендегі төрт түлік малдың пірлерін ретімен орналастыр.

Қой \_\_\_\_\_ Сиыр \_\_\_\_\_

Жылқы \_\_\_\_\_ Түйе \_\_\_\_\_

Ойсылқара      Шопаната      Зеңгібаба      Қамбарата

- 2. Оқулықтағы мәтінге сүйеніп сәйкес сөзерді тап.

Қойды

Торпағым

Ешкіні

Боташым

Сиырды

Құлыным

Жылқыны

Қоңырым

Түйені

Шұнағым


- 3. Суреттегі малдарға тән қасиеттерді жаз.



шөлге төзімді, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.



жүйрік, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.




сүтті, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.




момын, өсімтал \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_.

● 4. Суреттегі үй жануарларын атап, астындағы торкөзді толтыр.



--	--	--	--	--



--	--	--	--



--	--	--



--	--	--	--

● 5. Төрт түлік туралы қандай өлең, мақал-мәтел білесің?

● 6. Төмендегі жұмбақтың шешуін тауып, торкөзге жаз. Өзің ұнататын үй жануары туралы әңгімелеп бер.

Кезекті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар.

--	--	--	--



## Шешендік сөздер

- 1. Төле бидің айтқан өсиетінің түсіндірмесін жаз.

Халқыңа әділ бол. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жауыңа қатал бол. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

- 2. Қазыбек бидің өсиетін толықтыр. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қой.

Алтын ұяң – \_\_\_\_\_ қымбат,

Құт берекең – атаң қымбат.

Аймалайтын \_\_\_\_\_ қымбат,

Мейірімді апаң қымбат.

Асқар тауың \_\_\_\_\_ қымбат,

Туып-өскен \_\_\_\_\_ қымбат.

- 3. Сырым бидің сөздерін толықтыр.

Жақыныңды \_\_\_\_\_ .

Қалысыңды \_\_\_\_\_ .

- 4. Берілген сөздермен сөз тіркесін құрастыр.

Парыз

Өсиет

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

## Мақал-мәтелдер

- 1. Мақал-мәтелдерді жалғастыр. Тиісті сөздерді таңда.

Жақсыдан үйрен, жаманнан \_\_\_\_\_.

Ердің атын \_\_\_\_\_ шығарады.

\_\_\_\_\_ оттан да ыстық.

Денсаулық зор \_\_\_\_\_.

Жеті жұрттың тілін біл,  
Жеті түрлі \_\_\_\_\_ біл.

Көп сөз – күміс,  
Аз сөз – \_\_\_\_\_.

Ашу – \_\_\_\_\_,

Ақыл – дос.

\_\_\_\_\_ көрсең көзін аш.

**Берілген сөздер:** еңбек, жирен, Отан, байлық, білім, бұлақ, дұшпан, алтын.

- 2. Берілген мақал-мәтелдердің тақырыбын анықта.

Мақал-мәтелдер	Тақырыбы
Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.	
Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.	
Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ.	
Еңбек еткен – мұратқа жеткен.	

- 3. Еңбек және тәрбие туралы 2 мақал-мәтелді басқа кітаптардан, газет-журналдардан тауып жаз.

---


---

## Ертегілер

1. Сыныптан тыс оқыған ертегіңді ұсынылған ретімен мазмұндап бер.


1. Ертегі түрі →
2. Ертегінің аты →
3. Ертегінің кейіпкерлері →
4. Кейіпкерлердің әрекеті →
5. Ертегі немен аяқталды? →
6. Ертегі сені неге үйретті? →

2. Сызба бойынша біліміңді жүйеле:



3. Сөзжұмбақты шеш.

1. Құлаққа жағымды етіп ән салу
2. Басынып, бұйырып сөйлеу
3. Сыпайы, тәртіпті болу



## Жұмбақтар

● ● ● Жұмбақты шешіп, жауабын жаз.

Көзін ашып-жұмады,  
Бағыт сілтеп тұрады.

(\_\_\_\_\_)

Қалың киімді ұнатады,  
Шешіндірсең жылатады.

(\_\_\_\_\_)

Сырты жасыл, қатты,  
Іші қызыл, тәтті.

(\_\_\_\_\_)

Ағайынды бәрі:  
Шықса – көк, түссе – сары.

(\_\_\_\_\_)

Үш тілі бар,  
Тықылдаған үні бар.

(\_\_\_\_\_)

Қабат-қабат қаптама,  
Ақылың болса аттама.

(\_\_\_\_\_)

Жазу жазып жалықпаған,  
Жаза-жаза арықтаған.


(\_\_\_\_\_)

Тілі жоқ өзінде,  
Сөзі бар ізінде.

(\_\_\_\_\_)

## XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

- 1. Дулат Бабатайұлы кім? Сызбаны толтыр.



- 2. Дулат Бабатайұлының қандай шығармаларын білесің?

---

---

---

---

- 3. «Аягөз, қайда барасың?» өлеңіне сүйене отырып сөздерді сәйкестендір.

Шөбі

Қашты

Сұлу

Суың

Семіз

тал

мал

тарады

шошынып

бал

● 1. Тест сұрақтарының дұрыс жауаптарын белгіле.

1. М. Өтемісұлы кім?

- а) Ұстаз;
- ә) жазушы;
- б) жауынгер ақын.

2. Қай өңірде дүниеге келді?

- а) Аягөз ауданы;
- ә) Жәнібек ауданында;
- б) Қарасай ауданы.

3. М. Өтемісұлының өлеңін белгіле:

- а) «Қызғыш құс»;
- ә) «О, Ақтан жас, Ақтан жас!»;
- б) «Қыс».

● 2. Ерлік туралы қандай мақал-мәтелдер білесің?

---

---

---









● 3. *Ер, ерлік* сөздерінің синонимдік қатарын жаз.

---

---



● 1. Ы. Алтынсарин туралы не білесің?





● 2. Сөздікке сүйеніп берілген сөздің түсіндірмесін жаз.

**Жомарт** – \_\_\_\_\_

● 3. Төмендегі өлең жолдарын буынға бөліп жаз. Ұйқас сөздердің астын сыз.

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,  
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?  
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,  
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

---



---



---



---

● 4. «Әке мен бала» әңгімесіндегі кейіпкерлердің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді жаз.

Жағымды	Жағымсыз

● 5. «Сәтемір хан» әңгімесіндегі негізгі ойды анықта.

---



---



---



● 6. Сұрақтарға өз сөзіңмен жауап бер.

- а) Сәтемірдің жеті жасында қандай қиыншылық болды?
- ә) Сәтемір қандай шешімге келді?

Не үшін?	Неге?	Не себепті?

- 1. Суреттер топтамасын пайдаланып Абай Құнанбайұлы туралы әңгімеле.

1845 жылы  
10 тамызда



Шығыс  
Қазақстан  
облысы

«Қансонарда»,  
«Сабырсыз, арсыз,  
еріншек», «Әсемпаз болма  
әрнеге».

Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы  
аға сұлтан



- 2. Сөздікке сүйеніп берілген сөздің түсіндірмесін жаз.

**Ғылым** – \_\_\_\_\_

- 3. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір. Адам бойындағы тағы қандай қасиеттер туралы мақал-мәтел білесің? Толықтыр.

- а) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
- ә) Қанағат – қарын тойғызады.
- б) Еріншектің ертеңі таусылмайды.
- в) Өтіріктің құйрығы бір тұтам.
- г) Талап – тұлпар,  
Білім – сұңқар.



- 4. Сөздікке сүйене отырып берілген сөздердің түсіндірмесін жаз.

**Әсемпаз** – \_\_\_\_\_

**Арқалан** – \_\_\_\_\_

**Кетік** – \_\_\_\_\_

**Шапқат** – \_\_\_\_\_

**Мін** – \_\_\_\_\_



- 5. Әсем қала, әсем табиғат сөз тіркестерін қолданып сөйлем құрап жаз.

---

---

---

---

- 6. «Берекелі болса ел...» өлеңін оқы. Жерге қандай күтім жасалатынын адамдардың еңбегінен бақыла. Кейбіреулерін жаз.

---

---

---

---

### Бір кесе меруерт



- 1. Сөздікке сүйеніп берілген сөздің түсіндірмесін жаз.

**Меруерт** – \_\_\_\_\_

**Тақыр** – \_\_\_\_\_

**Ділда** – \_\_\_\_\_



- 2. Әңгіменің негізгі ойын анықта. Төмендегі мақалдың қайсысы мағынасы жағынан сәйкес келеді?

Еріншектің ертеңі бітпейді.

Денсаулық – зор байлық.

Арпа бидай ас екен,  
Алтын күміс тас екен.

Дастарқанда наны жоқтың  
Тамағының сәні жоқ.

- 3. Нан қадірі туралы шағын әңгіме жаз.

---

---

---

---

● 1. Берілген шығармаларды авторымен сәйкестендір.

Дулат Бабатайұлы

«Әсемпаз болма әрнеге»

Махамбет Өтемісұлы

«Бір кесе меруерт»

Ыбырай Алтынсарин


«Аягөз, қайда барасың?»

Абай Құнанбаев

«Таза бұлақ»

Шәкәрім Құдайбердиев

«Қызғыш құс»



● 2. Берілген шығармаларды мазмұнымен сәйкестендір.

«Аягөз, қайда барасың?»

Білім, ғылым, өнерге шақырады

«Қызғыш құс»

Адамға тән асыл қасиет – тазалық

«Таза бұлақ»

Халқына, Исатайға деген сағыныш

«Ғылым таппай мақтанба»

Ас қадірі туралы

«Бір кесе меруерт»

Туған жерге деген сүйіспеншілік



● 3. Қандай шығарма саған ұнады? Неге?

---

---

---

---

## XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

### Өсиет

- 1. Берілген сөйлемдердің ішінен өсиет сөздерді тауып белгіле.

Өн – көңілдің ажары.

Білімді, кәсіпті жас кезінде меңгер.

Жасыл шөп малға жайлы.

Досыңа әрқашан адал бол.

Үлкендерді құрметте – батасын аласың.

Жол бойында белгілер қойылған.

Нан ұсағын шашпа, обал болады.

Тазалық – денсаулықтың негізі.

- 2. Ата-анаң, мұғалім айтқан өсиеттерін есіңе түсір. Кейбіреулерін жаз.

---

---

---

---

---

---

### Түлкі мен қырғауыл

- 1. «Түлкі мен қырғауыл» мәтініне сүйеніп кейіпкерлердің арасындағы диалогті өз сөзіңмен келтір.

Түлкі: \_\_\_\_\_

Қырғауыл: \_\_\_\_\_

Түлкі: \_\_\_\_\_

Қырғауыл: \_\_\_\_\_

Түлкі: \_\_\_\_\_


Қырғауыл: \_\_\_\_\_

Түлкі: \_\_\_\_\_

Қырғауыл: \_\_\_\_\_

● 2. Сөзжұмбақты шеш.

1. Түсініксіз сөйлеу
2. Жарлық, ортақ заң
3. Риза болу



### Атасы мен немересі

● Кейіпкерлердің әрекетін бағалау үшін тисті сөзді таңда.

Немересі	
Баласы мен келіні	
Атасы	

**Берілген сөздер:** аянышты, мейірімді, тәрбиелі, қатал, шыдамсыз, тәкаппар, әлсіз, ақылды, момын, кішіпейіл, кәрі.

### Жаңа тілек

● Өлең жолдарын толықтыр. Көп нүктенің орнына мағынасы ұқсас сөздерді келтір.

Надандықтың \_\_\_\_\_ қамалын.

\_\_\_\_\_ ойлан өзің ел болсаң.

Сен де енді \_\_\_\_\_ жалықпай.

## Қартқожаның туған жері

● 1. Туған жеріңе деген сезіміңді білдіретін сөздерді тауып, астың сыз. Берілген сөздермен сөйлем құрастыр.

*Қымбат, алыс, ыстық, ерекше, біртүрлі, жағымсыз, сүйікті, әдемі, шулы, жылы, таныс, ауыр, сағынышты, тыныш, сараң, аяулы, берекелі.*

---

---

---

---

---

---

● 2. Берілген сызбаны пайдаланып өз туған жерің туралы әңгіме құрастыр.

Менің туған жерім \_\_\_\_\_ .

Мен туған жерімді \_\_\_\_\_ .

Менің ауылымда \_\_\_\_\_ бар.

Ауылдағы достарым, туыстарым \_\_\_\_\_ .

Мен \_\_\_\_\_ барамын.

● 3. Берілген сөздерді пайдаланып мақал-мәтелдерді толықтыр.

\_\_\_\_\_ жер болмас,

\_\_\_\_\_ ел болмас!

Ел қадірін \_\_\_\_\_ біледі,

Жер қадірін \_\_\_\_\_ біледі.

Ағаш \_\_\_\_\_ көгерер,

Ер \_\_\_\_\_ көгерер.

**Берілген сөздер:** *туған жердей, туған елдей, кеткен, жүрген, жерінде, елінде.*

## Мен жастарға сенемін

- 1. Өлең мәтініне сүйене отырып жастарға тән қасиеттерді ата.

Арыстандай \_\_\_\_\_,

Жолбарыстай \_\_\_\_\_.

Қырандай \_\_\_\_\_,

Мінезі \_\_\_\_\_,

Жүректері \_\_\_\_\_.

- 2. Өз бойыңда қандай қасиеттерді қалыптастырып тәрбиелегің келеді. Ұсынылған тізімнен таңда, түсіндір.

еңбекқорлық

ұқыптылық

намыс

көшбасшылық

қарапайымдылық

адалдық

сенімділік

мейірімділік

батылдық

ізденушілік

- 3. «Көздерінде от ойнар ...» деген сөйлем қандай мағынада айтылған? Сөйкес сөйлемді тап.

Бойында рухы бар

Білімге ұмтылған

Жылап тұр

Көздері қызыл

Отпен ойнады

- 1. Суреттер топтамасын пайдаланып Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы өңгімеле.

Көкшетау  
облысы



13 жасынан  
дәріс алады.

«Шәкірттеге», «Оқудағы  
мақсат», «Шәкірт ойы»

1911 жылы орыс тіліндегі  
әдеби кітаптармен, газет-  
журналдармен танысты.

### Шәкірт ойы

- 2. «Қараңғы қазақ...» деген сөйлем қандай мағынада айтылған? Сәйкес сөйлемді тап.

Білімсіз, оқымаған ел

Түнде, көрінбейді

Кедей, мал баққан халық

Сауатсыз, білімі жоқ халық

Түрі қараторы ұлт



- 3. Сөздікке сүйене отырып берілген сөздердің түсіндірмесін жаз.

Шәкірт \_\_\_\_\_

Қараңғы \_\_\_\_\_

Мұздаған елдің жүрегін \_\_\_\_\_

Надандық \_\_\_\_\_

- 4. «Шәкірт ойы» өлеңіне сүйене отырып өзіңнің оқушы ретінде арманыңды, мақсатыңды жаз.

Мен жақсы білім алуым керек, себебі \_\_\_\_\_

Мектепті бітірген соң, мен \_\_\_\_\_

## Кедей

● 5. «Кедей» сөзіне қарама-қарсы сөздерді белгіле.

- |                          |         |                          |          |
|--------------------------|---------|--------------------------|----------|
| <input type="checkbox"/> | жарлы   | <input type="checkbox"/> | дәулетті |
| <input type="checkbox"/> | ауқатты | <input type="checkbox"/> | мырза    |
| <input type="checkbox"/> | жұпыны  | <input type="checkbox"/> | молшылық |
| <input type="checkbox"/> | бай     | <input type="checkbox"/> | аз       |

● 6. «Білім – өмір шырағы» деген тақырыпқа шағын шығарма жаз.

---

---

---

---

---

## Қызыл шұнақ

● 1. Төмендегі нұсқалардан Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын көрсет.

- |                        |                          |
|------------------------|--------------------------|
| «Шәкірттерге»          | <input type="checkbox"/> |
| «Көкшетау»             | <input type="checkbox"/> |
| «Оқудағы мақсат»       | <input type="checkbox"/> |
| «Шәкірт ойы»           | <input type="checkbox"/> |
| «Қызыл шұнақ»          | <input type="checkbox"/> |
| «Қансонарда»           | <input type="checkbox"/> |
| «Бандыны қуған Хамит»  | <input type="checkbox"/> |
| «Әсемпаз болма өрнеге» | <input type="checkbox"/> |



● 2. Сөздікке сүйене отырып берілген сөздердің түсіндірмесін жаз.

Қызыл шұнақ – \_\_\_\_\_

Ұшан-теңіз – \_\_\_\_\_



● 3. Төменде берілген тірек сөздерді қатыстырып «Қыс қызығы» туралы әңгіме жаз.

*Қыс, қар, аяз, аққала, шана, жылы киім, достар, қысқы демалыс, сырғанақ, мұз айдыны.*


---

---

---

---

● 1. Бейімбет Майлин кім? Сызбаны толтыр.



● 2. Сөздікке сүйене отырып берілген сөздердің түсіндірмесін жаз.

**Жалшылықта** – \_\_\_\_\_

**Тырнақалды** – \_\_\_\_\_

**Өрім-өрім** – \_\_\_\_\_

**Бөкебай** – \_\_\_\_\_

**Күпі** – \_\_\_\_\_

**Ызғырық** – \_\_\_\_\_

**Өлмелі кедей** – \_\_\_\_\_

## Кұлпаш

- 3. «Кұлпаш» әңгімесінің мазмұнына сүйене отырып кейіпкерлерге сипаттама бер.

Кейіпкерлер	Киімдері	Әрекеттері	Сезім-ойлары
Мыңтым			
Кұлпаш			
Қали			

- 1. Ілияс Жансүгіров кім? Сызбаны толтыр.

Ілияс Жансүгіров		
Туған жылы, жері	Білім жолы	Еңбектері



- 2. Берілген сөздердің мағынасын есіңе түсір. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

**Зергер** – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Поэзия** – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Малта** – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Саба** – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Ұйытқы** – \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

● 3. «Кетті ауызынан суы ағып» деген сөйлем нені білдіреді? Мағынасын өз сөзіңмен жаз.

---



---



---

● 1. Суреттер топтамасын пайдаланып Асқар Тоқмағамбетов туралы әңгімеле.



Қызылорда облысы,  
Тереңөзек ауданында дүниеге  
келген

Поэмалары:  
«Хат», «Бақыт  
кілті», «Қаскелең», «Өмірге  
жол», «Батыр Әли», «Ақын  
тағдыры», «Батырлар  
дастаны»

Танымал  
шығармалары: «Күлкі-  
сықақ» жинағы, «Бір  
мылжыңның баяндамасы»,  
«Бидай мен Қаңбақ»,  
«Сауысқан», «Мысық пен  
шыбын»

### Бидай мен Қаңбақ

● 2. Мысал бойынша кестені толтыр: бірінші бағанға кейіпкерлерді жаз, екінші бағанға олардың әрекетін жаз, үшінші бағанға «дұрыс» немесе «бұрыс», «жақсы» «нашар», «қатыгез» «мейірімді», «еңбекқор» т.с.с. деп бағала.

Кейіпкер	Әрекеті	Бағасы
Қаңбақ	<i>Ұшып жүреді, ешқандай өнім бермейді</i>	
Бидай	<i>Өседі, піседі, дән береді</i>	

- 3. Жұмбақтардың шешуін тауып, суретін сал.

Ұзын мұртты сарылар,  
Қойнында наны бар.



Желден қатты сасады,  
Томпалаңдап қашады.  
Тірелгенше дөңге кеп,  
Дедектейді дөңгелеп.



- 4. Төмендегі мысал кейіпкерлерінің бойындағы қасиеттерді есіңе түсіріп жаз.

Түлкі	Қырғауыл	Бидай	Қаңбақ

- 5. Шығармаларды әліпби ретімен сандар арқылы белгіле:

- |   |   |
|---|---|
| <input type="checkbox"/> «Атасы мен немересі» | <input type="checkbox"/> «Жаңа тілек»           |
| <input type="checkbox"/> «Кедей»              | <input type="checkbox"/> «Мен жастарға сенемін» |
| <input type="checkbox"/> «Қызыл шұнақ»        | <input type="checkbox"/> «Бидай мен Қаңбақ»     |

- 6. Авторларды шығармаларымен сәйкестендір.

- М. Жұмабаев
- С. Торайғыров
- М. Дулатов
- А. Тоқмағанбетов
- Б. Майлин
- С. Сейфуллин
- С. Көбеев

- «Атасы мен немересі»
- «Жаңа тілек»
- «Кедей»
- «Мен жастарға сенемін»
- «Қызыл шұнақ»
- «Бидай мен Қаңбақ»
- «Күлпаш»

## ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

- 1. Суретке қарап ғимараттарды ата. Өз сөзіңмен әңгімелеп бер.



- ● ● 2. Нұр-Сұлтан қаласы туралы төмендегі мәліметтерді біліп ал.

«Нұр-Сұлтан-Бәйтерек» кешенінің биіктігі – 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі – 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағында орналасқан алып шар диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна. Алып шар «хамелеон» әйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шардың түсі ауысып тұрады. Жоба сәулетшісі – Норман Фостер.

«Қазақ елі» мемориалды кешені. Мәрмәр монумент – кең-байтақ Қазақ жері мен оның халқының бірлігінің, болашақта көркейіп, дамуының белгісі. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Монумент шыңында алып құс Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен Қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» қола барельефтері қашалған.

- 1. Суреттер топтамасын пайдаланып Сансызбай Сарғасқаев туралы әңгімеле.



1925 жылдың 29 сәуірінде  
Жамбыл облысы, қазіргі  
Қордай ауданы

«Бір көшенің бойында»,  
«Сынған тіс», «Балалар»,  
«Шындық», «Шыбық»,  
«Жайма-шуақ»

Қазақ балалар әдебиетінің  
көрнекті өкілі, жазушы

### Шыбық

- 2. Әңгімедегі Темір мен Болаттың бойындағы қасиеттерін жаз.

Темір	Болат

- 3. Берілген сөздердің мағыналарының ортақ тақырыбын анықта. Бір сөзді таңдап, сөйлем құрастыр.

*Шыбық, тұр, бұтақ, ағаш, тал, бұршік, терек.*

---



---



---




---



---



● 1. Ермек Өтетілеуов туралы біліміңді пайдаланып сызбаны толтыр.



### Отан



● 2. Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білесің? Жаз.


---

---

---

---

● 3. «Отан» ұғымының мағынасына сәйкес сөздерді ата.





● 4. Бос орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.

Қазақстан \_\_\_\_\_ Отаным.

Бәріміз де Отанды \_\_\_\_\_.

Отан \_\_\_\_\_ ыстық.

Мен болашақта Отаныма \_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_ Отандасым.

Біздің елде \_\_\_\_\_ ұлттар тұрады.

Біз \_\_\_\_\_ мемлекетпіз.

Отанды қорғау \_\_\_\_\_ парызымыз.

Әрбір адам Отанын \_\_\_\_\_.

Мен өз Отанымды \_\_\_\_\_.



● 5. «Атамекен» сөзі қандай екі сөзден тұрады?

Неге туған жерді «Атамекен» деп атайды?

**АТА**

+

**МЕКЕН**

«Елбасы» сөзі қандай екі сөзден тұрады?

Неге тұңғыш Президентті «Елбасы» деп атайды?

**ЕЛ**

+

**БАС**

- 1. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Сұлтан Қалиұлының тағы қандай өлеңдерін білесің?

Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.

Елтаңбаның авторлары кімдер?

### Елтаңбасы елімнің

- 2. Көшіріп жазып, өлеңдегі сөздерді өзіне қатысты сөздермен сәйкестендір.

Ортада	елтаңбам
Құт, береке	қос арғымақ
Қанатты	шаңырақ
Еркіндігім	аспан әлемі

- 3. Берілген шумақтағы өлең сөздері қалай тасымалданатынын айт. Буынға бөліп жаз.

**Ел-таң-ба-сы е-лім-нің**

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

**Құт, бе-ре-ке – ша-ңы-рақ,**

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген.

**Қа-зақ-стан жа-лау-ы –**

Азаттықтың алауы.

Желбіреді аспанда,

Отан орны асқарда.

- 1. Суреттер топтамасын пайдаланып Шәкен Күмісбайұлы туралы әңгімеле.



Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылында дүниеге келген

«Таң нұрында туған ұл», «Тау жолдары», «Соқ, барабан», «Таудағы жазу», «Кішкене шал», «Атамның аманаты», «Қайсар бала», «Табиғат-Ана» кітаптарының авторы

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

### Көк тудың желбірегені

- 2. Әңгімедегі Әділдің бойынан қандай қасиеттерді байқадың? Жаз.

---

---

---

---

---

---

- 3. Мемлекеттік рәмізіміз – көк Туды суреттеп бер. Мәтіндегі түсіп қалған тиісті сөздерді орнына қойып, көшіріп жаз.



Көк түс \_\_\_\_\_ білдіреді. \_\_\_\_\_ мен арай тыныштық пен \_\_\_\_\_ бейнелейді. \_\_\_\_\_ – айбындылықтың белгісі. Туымызды құрметтеу – \_\_\_\_\_.

**Берілген сөздер:** *Күн, аспанды, қыран құс, байлықты, парыз.*

## Тәуелсіздік монументі

● ● ● 1. Суретке мұқият зер салып қара. Мәтінді оқып, керекті мәліметтерді жазып, жаттап ал.



«Тәуелсіздік ескерткіші». Тәуелсіздіктің бес жылдығына орай Алматы қаласында 1996 жылы 16 желтоқсанда бой көтерді. Ескерткіштің авторларының бас жетекшісі – Шотаман Ыдырысұлы Уәлиханов. Биіктігі – 28 метр. Төменгі бөлігі қауызы ашылмаған қызғалдақ тәрізді, алдында Қазақстанның елтаңбасы бейнеленген.

Қанатты барыс бейнесі еліміздің тұрақтылығын, мықтылығын бейнелейді.

Ұшар басында сақ жауынгердің бейнесі, дулығалы Алтын адам. Биіктігі – 6 метр, салмағы – 4 тонна. Алтын адам – Қазақстанның азаттық символы.

---

---

---



● 2. Сөздікке сүйене отырып берілген сөздердің түсіндірмесін жаз.

**Монумент** – \_\_\_\_\_

**Қорамсақ** – \_\_\_\_\_

**Жебе** – \_\_\_\_\_

● 1. Шығармаларды әліпби ретімен сандар арқылы белгіле.

- Тәуелсіздік монументі*
- Отан*
- Шыбық*
- Астанаға ақ бата*
- Елтаңбасы елімнің*
- Наурызкөже*
- Көк тудың желбірегені...*
- Сөз сиқырын ұғайық*

● 2. Авторларды шығармаларымен сәйкестендір.

<b>Д. Әбілев</b>	«Тәуелсіздік монументі»
<b>С. Сарғасқаев</b>	«Отан»
<b>Н. Қазыбеков</b>	«Көк тудың желбірегені...»
<b>Е. Өтетілеуов</b>	«Астанаға ақ бата»
<b>С. Қалиұлы</b>	«Елтаңбасы елімнің»
<b>Ө. Ақыпбекұлы</b>	«Наурызкөже»
<b>Ш. Сариев</b>	«Шыбық»
<b>Ш. Күмісбайұлы</b>	«Сөз сиқырын ұғайық»

● 3. «Шыбық», «Көк тудың желбірегені» шығармаларындағы кейіпкерлерге мінездеме бер. Ұқсас қасиеттерін ата.

Болат – \_\_\_\_\_  
Темір – \_\_\_\_\_  
Әділ – \_\_\_\_\_

## ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

● 1. А. С. Пушкиннің шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын-жазушыларды тап:

А. Байтұрсынов

А. Құнанбаев

М. Жұмабаев

С. Сейфуллин

● 2. Ғаламтордан іздеп, А.С. Пушкиннің күтушісінің есімін тап.

Арина Радионовна

Анна Каренина

Татьяна

### Балықшы мен балық

● 3. Кітапханадан А. С. Пушкиннің «Балықшы мен балық» ертегісін алып, толық оқы. Мәтінге сүйеніп балықшының Алтын балыққа барып не сұрағанын және теңіз қалай өзгергенін тізіп жаз.

Балықшы сұрады	Теңіздің өзгеруі
Астау	шимайланды
Жаңа үй	лайланды
Ақсүйек болу	
Патша болу	
Суды билеу	



● 4. Сөздікке сүйеніп берілген сөз тіркестерінің баламасын тап.


Ес-түсін білмей, қозғалмай тұру – \_\_\_\_\_

Обалына қалу, бекер өлтіру – \_\_\_\_\_

Ашулы, қатты ыза – \_\_\_\_\_

Тамақ салатын ыдыс – \_\_\_\_\_

- 1. М. Ю. Лермонтов туралы не білесің? Сызба бойынша айтып бер.



### Қараңғы түнде тау қалғып



- 2. Берілген сөздердің мағынасын түсіндірмелі сөздіктен қарап жаз.

Ізбасар – \_\_\_\_\_

Жым-жырт – \_\_\_\_\_

Дел-сал – \_\_\_\_\_

Сабыр – \_\_\_\_\_

Желкен – \_\_\_\_\_

- 3. «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін ұнтаспадан тыңда. Әніне қосылып айт.



- 1. «Мысал» дегеніміз не? Анықтамасын өз сөзіңмен жаз.

Мысал – бұл \_\_\_\_\_

---

---

---

---

- 2. «Аққу, Шортан һәм Шаян» мысалында айтылған жағымсыз қасиеттерді бірінші бағанға жаз. Оларға қарама-қарсы жағымды қасиеттерді екінші бағанға жаз.

_____	_____
_____	_____
_____	_____

- 3. Мысалдарда сыналатын қасиеттерге қарама-қарсы қасиеттерді жаз.

Жалқаулық \_\_\_\_\_

Менмендік \_\_\_\_\_

Сараңдық \_\_\_\_\_

Қулық \_\_\_\_\_

Тәкаппарлық \_\_\_\_\_


Аңқаулық \_\_\_\_\_

- ● ● 4. Кесте бойынша өз біліміңді жүйеле.

Мысалдар	Кейіпкерлердің әрекеті	Сыналған қасиеттер
Аққу, Шортан һәм Шаян	Жүкті жан-жаққа тартты	Алауыздық, қырсықтық
Шегіртке мен құмырсқа	Өн айтып, би биледі Қысқа дайындалды	Жауапсыздық, еріншектік



- 1. В. А. Сухомлинский туралы не білесің? Сызбаны толтыр.



### Қалтадағы бал

- 2. «Қалтадағы бал» әңгімесін жоспар бойынша мазмұндап бер.

1. Бірінші сынып оқушыларының орманға баруға дайындалуы.
2. Юрканың анасының әрекеті.
3. Ормандағы аралар.
4. Димка мен Васяның таңғалуы.
5. Юрканың ұялуы.

- 3. В. А. Сухомлинскийдің «Қалтадағы бал» әңгімесіндегі басты кейіпкерді сипаттайтын сөздерді белгіле. Осы сөздердің әрқайсысына қарама-қарсы мағынадағы сөздерді тауып, қасына жаз.

Ақжарқын	<input type="checkbox"/>	_____
Сараң	<input type="checkbox"/>	_____
Адал	<input type="checkbox"/>	_____
Мейірімді	<input type="checkbox"/>	_____
Өзімшіл	<input type="checkbox"/>	_____

## Нағыз адам

- 4. «Нағыз адам» әңгімесінің мазмұнына сүйене отырып сөйлемдерді толықтыр.

Нағыз адам еліне \_\_\_\_\_.

Мен нағыз адам болу үшін \_\_\_\_\_.

Өз ата-аналарына көмектесетін баланы \_\_\_\_\_ деуге болады.

- 5. В. А. Сухомлинскийдің әңгімелеріндегі кейіпкерлердің жақсы және жаман қасиеттерін есіңе түсір.

Жақсы қасиеттер	Жаман қасиеттер
<i>Қамқоршы</i>	<i>Өз қамын ғана ойлау</i>

- 1. Х. К. Андерсен туралы айтып бер.



## Тебен ине

- 2. Тігін шеберіне қандай құрал-саймандар қажет? Берілген тізімнің ішінен тауып белгіле.

Тебен ине	V
Қайшы	
Біз	
Пышақ	
Жіп	
Желім	
Тістеуіш	

- 3. Берілген құрал-саймандармен атқарылатын сәйкес әрекеттерді ата.

Жонғыш *жонады*

Біз \_\_\_\_\_

Тістеуіш \_\_\_\_\_

Сызғыш \_\_\_\_\_

- 4. «Тебен ине» өңгімесіне сүйене отырып бас кейіпкерді сипаттайтын сөздерді тауып жаз.

---


---

---

**Берілген сөздер:** жалқау, еңбекқор, менменшіл, кірпияз, ақжарқын, тәкәппар, қарапайым

## Том Сойер

- 1. Мәтінге сүйене отырып Томның айналасындағы адамдарды атап жаз.



- 2. Том Сойердің бойындағы қандай қасиеттері саған ұнайды? Неге ұнайтынын түсіндіріп жаз.

Тапқырлығы \_\_\_\_\_

Адалдығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

- 3. Том Сойер әңгімесіне (екінші бөліміне) сүйене отырып төбелесу жаман қылық екенін түсіндір. Томның орнында сен бөтен баламен қалай сөйлесетін едің?

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_


\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_


\_\_\_\_\_

- 1. Р.Киплинг туралы әңгімелеп бер.



### Рикки-Тикки-Тави

- 2. Кітапханадан Рикки-Тикки-Тави әңгімесін алып, толық оқы. Кейіпкерлерге тән қасиеттерді тауып белгіле.




- 3. Сөздікке сүйене отырып берілген сөз тіркестерінің баламасын жаз.

**Иіскеп жүріп іздейді** – \_\_\_\_\_.

**Үрейі ұшты** – \_\_\_\_\_.

**Тас боп қатты** – \_\_\_\_\_.

- 1. Д. Родари туралы не білесің? Сызба бойынша әңгімелеп бер.



### Алисаның арманы

- 2. Алисаның орнында болсаң сен не істер едің? Әңгімені өз ойың бойынша өзгертіп жаз.

---



---



---

- 3. Сұрақтарға жауап бер. Жауаптарды торкөзге жаз.

1. Балықшының баласы неге айланды?

--	--	--	--	--	--	--	--

2. Алиса неге айналғысы келді?

--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--	--	--

3. Алиса теңіз ішінде неге түсіп кетті?

--	--	--	--	--	--	--	--

- 1. Назым Хикметтің өмірбаянындағы мәліметтерді, даталарды сәйкестендір.

Туған жылы, жері

Мәскеудегі Шығыс университеті

Оқып білім алды

Адамдардың қоғамдағы рөлі

Шығармаларының басты тақырыбы

«Күн жұтқандар жыры»

Алғаш шыққан жинағы

1902 жыл, Түркия

Өлеңдерге жаңа үлгі енгізді

«Еркін өлең»

### Үш жігіт туралы хикая

- 2. Әңгімеде не туралы айтылады? Берілген сөздерден толық жауапты құрастыр.

мақсат-мұратқа

шыдамды

үшін

айтылады

жету

болу

керектігі

Әңгімеде

сенімді



- 3. Берілген сұрақтарға қысқа жауап жаз.

Неге әңгіме «Үш жігіт туралы хикая» деп аталады?


Жігіттер нені іздеп шығады?

Өлместің тасы қайда орналасқан?

Жігіттерге жолда кім кездеседі?

Үшінші жігіт мақсатына неге жетеді деп ойлайсың?

- 1. Расул Ғамзатов туралы біліміңді пайдаланып сызбаны толтыр.



### Ана тілі

- 2. Төмендегі мақалдардың мағынасын түсіндір. Мақалдарды жаттап ал.

Ойнап сөйлесең де,  
Ойлап сөйле.

Сөз сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді.

- 3. «Ана тілі» туралы қандай өлең, мақал-мәтел білесің? Есіңе түсір.

---

---

---

---

---

---



● 1. Авторлардың аты-жөндеріне шығармаларын сәйкестендір.

И. Крылов	«Балықшы мен балық»
М. Ю. Лермонтов	«Аққу, Шортан һәм Шаян»
Н. Хикмет	«Алисаның арманы»
А. С. Пушкин	«Желкен»
Д. Родари	«Рикки-Тикки-Тави»
Р. Киплинг	«Үш жігіт туралы хикая»
В. Сухомлинский	«Том Сойер»
Марк Твен	«Қалтадағы бал»

● 2. Берілген сөйлемдер бойынша шығарманы табыңдар.

«Көгалды қуып гөлайттап, қызықпен жүріп жазды алған...»

---

«Тұманды көкшіл теңізде жалғыз желкен...»

---

«Мен болсам, өз бағамды өзім білемін...»

---

«Қайғырма, – балық айтты, – үйіңе бар!..»

---

«Бұны да әлі адам деуге болмайды...»

---

«Асылы жүк орнынан қозғалмады...»

---

Оқу басылымы

**Бектаева Күлаш Бектаевна  
Каменова Қаламқас Абуғалиқызы  
Ермағамбет Әлия Ықыласқызы**

**Оқу және тіл дамыту**

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы  
мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған жұмыс дәптері

Редакторы Г. Ж. Есенжолова  
Суретшісі Д. И. Белов  
Компьютерде беттеген Н. К. Пәрімбеков

Басуға 24.05.2019 қол қойылды.  
Есептік баспа табағы 6. Шартты баспа табағы 5,58.  
Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Офсеттік қағаз